



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

11.11.2019 № 02-06/260

Ақтау қаласы

город Актау

Маңғыстау облысы қаржы басқармасының 2011 жылғы 28 желтоқсандағы  
№2-04/379 «Каспий» Элеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ҰК»  
Акционерлік қоғамының кейбір сұрақтары туралы»  
бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Казақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, сондай-ақ 2019 жылдың 27 тамыздағы № СД-73/08-2019-СПК «Каспий» Элеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Маңғыстау облысы қаржы басқармасының 2011 жылғы 28 желтоқсандағы №2-04/379 «Каспий» Элеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ҰК» Акционерлік қоғамының кейбір сұрақтары туралы» бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін::

көрсетілген бұйрықтың қосымшасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау мемлекеттің қатысатын заңды тұлғалармен жұмыс жасау бөліміне жүктелсін.

Басқарма басшысы



*Ж. Ұланова*

Ж. Ұланова



Маңғыстау облысы  
Каржы басқармасының  
2019 жылғы «11» дарааша  
№0209180 бұйрығына қосымша

**«Каспий» Элеуметтік-кәсіпкерлік  
корпорациясы» акционерлік қоғамының  
ЖАРҒЫСЫ**

Ұйымдық-құқықтық нысаны:

Акционерлік қоғам

Мемлекеттік меншік түрі:

жеке меншік

Құрылтайшысы:

Маңғыстау облысының әкімдігі

Орналаскан жері:

Маңғыстау облысы,  
Ақтау қаласы, 4а шағынауданы  
№19 ғимарат

**Ақтау қаласы  
2019 ж.**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Жарғы «Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) құқықтық мэртебесін, максаттарын, өкілеттіктері мен қызметінің негізгі қағидаттарын айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде: Акционерное общество «Социально-предпринимательская корпорация «Каспий»;

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Каспий» ЭҚК» АҚ;

орыс тілінде: АО «СПК «Каспий»;

4. Қоғамның атқарушы органдының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 130000, Ақтау қаласы, 4 «А» шағын ауданы № 19 ғимараты.

## **2. Қоғамның заңдық мэртебесі**

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес тенгерімі, банктік шоттары болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алады және жүзеге асырады, міндеттер алады, сотта талапкер және жауапкер болады.

6. Қоғамның өз атауы жазылған мөрі, бланктері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге да деректемелері болады.

7. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Жарғыны, сондай-ақ корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен оның орналасқан жерінен тыс жерлерде, заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы Ережелердің негізінде Қоғамның атынан және тәсірінде бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

## **3. Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі**

10. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілік атады.

11. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген міндеттерді қоспағанда, Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және міндеттеріне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты міндеттерді тәуекелін көтереді.

12. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол міндеттерді мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

#### **4. Қоғам мақсаттары мен қызметінің түрлері**

13. Қоғамның негізгі қызметі мемлекеттік және жеке секторларды шоғырландыру арқылы Маңғыстау облысының экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

14. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

- 1) кластерлік әдіс негізінде бірыңғай экономикалық нарық құру;
- 2) инвестициялар мен инновацияларды тарту үшін қолайлы экономикалық орта қалыптастыру;
- 3) инвестициялық жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- 4) әлеуметтік саланы дамытуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу және іске асыруға қатысу;
- 5) инвестициялық, әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қатысу;
- 6) экономиканың түрлі секторларына субсидиялар бөлу болып табылады.

#### **5. Қоғамның мұлкі мен капиталы**

15. Қоғамның мұлкі:

- 1) акционерлер Қоғам акцияларын төлеуге берген мұліктін;
- 2) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістердің;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мұліктің есебінен құралады.

16. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

#### **6. Қоғамның бағалы қағаздары**

17. Қоғам жай акциялар шығарады. Жай акция оны иеленетін әрбір акционерге жай акциялардың басқа иелерімен бірдей көлемде құқықтар береді.

18. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың бәрі бір акционер деп танылады және өзінің жалпы өкілі арқылы акциямен куәланырылған құқықтарды пайдаланады.

19. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуі онымен жасасылған шарттың негізінде Қоғамның тіркеушісі жүзеге асырады.

Қоғам сатып алған өз акциялары туралы мәліметтері міндетті түрде бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесіне енгізілуге жатады.

Акционерлердің қол қойылған және толық төленген акцияларға құқықтарын растайтын құжаттар ретінде акцияларды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінен үзінді көшірмелер қызмет етеді.

20. Қоғам орналастырылған акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда ғана кепілдікке қабылдайды.

21. Қоғамның акцияларын кепілге салу құқығын осы Жарғының ережелерімен шектеуге немесе алып тастауға болмайды.

22. Қоғам әрбір акционерге жіберілетін орналастырылатын бағалы қағаздарды сатып алғандығы туралы жазбаша хабарлама беру арқылы сатып

алынған орналастырылатын бағалы қағаздар туралы акционерлерге хабар береді.

23. Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелмеген акциялар мен облигацияларды шығару, қозғалысы және есепке алудың басқа да мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды шығару туралы шешім қабылданған кезде Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышында анықталады.

## 7. Қаржыландыру және Қоғамның табысы

24. Қоғамның таза табысы акционерлердің жалпы жиналышының шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді.

25. Қоғам акционерлеріне дивидендтер төлеу жылына бір рет жүргізіледі. Дивидендтер есептеу және төлеу туралы шешімді жыл қорытындылары бойынша акционерлердің жалпы жиналышы қабылдайды. Дивидендтер оларды төлеу туралы шешім қабылданған сәттен бастап отыз күннің ішінде төленеді.

Қоғам дивидендтер төлеуді ақшамен жүргізеді. Дивидендтер тек төленген акцияларға ғана есептеледі.

26. Қоғамның жай акциялары бойынша:

1) өз капиталының мөлшері теріс болған кезде немесе Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы мен ақшалай міндеттемелерді немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасын белгізе ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

## 8. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

27. Қоғам акционерінің:

1) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» ЗАңында (бұдан әрі – Заң) және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға катысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жиналышында немесе Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен Қоғамның каржылық есептілігімен танысуға;

4) тіркеушіден немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға қаржылық құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышына Қоғамның директорлар салынған сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) Қоғам таратылған кезде мұліктің бір бөлігіне;

9) Занда белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алуға құқығы бар;

10) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, Занға сәйкес директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне косымша мәселелерді енгізуге;

11) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, осы Заның қөзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға етуеі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

12) акционерлердің жалпы жиналысының Занда қөзделген тәртіппен қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдаудың қатысуға құқығы бар.

28. Ирі акционердің де:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

3) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге қабылдаудың қатысуға құқығы бар.

29. Қоғам акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды тіркеуші мен нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті жағдайнердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе әдемен корғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық қадағаларінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

## 9. Қоғамның органдары

30. Қоғамның органдары:

1) жоғары орган – акционерлердің жалпы жиналысы;

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы органы – Басқарма;

4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган – ішкі аudit қызметі.

## 10. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышы

31. Акционерлердің жалпы жиналышын шақыру және өткізу тәртібі Заңмен айқындалады.

32. Акционерлердің жалпы жиналышының айрықша күзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жана редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

5-1) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

6) Басқарма Төрағасын сайлау және оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйакы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

8) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

9) жылдық қаржы есептілігін бекіту;

10) Қоғамның есепті қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегендеге жыл қорытындысы бойынша дивиденд мөлшерін бекіту;

11) осы Жарғының 26-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

12) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) қурамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

13) Қоғамның акционерлердің жалпы жиналышын шақыру туралы акционерлерге хабарлау нысанын айқындау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыру туралы шешім қабылдау;

14) қоғам акцияларды осы Заңға сәйкес үйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда, олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

15) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

16) акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

17) нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;

18) Заңда және осы Жарғыда ол бойынша шешімдер қабылданатын акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

33. Осы Жарғының 32-тармағының 2), 3), 4) және 14) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының қалған мәселелері бойынша шешімдері қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

34. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысында Қоғамның коммерциялық құпиясын құрамайтын мәселелерді талқылау кезінде Қоғамның акционерлері болып табылмайтын тұлғалар қатыса алады және сөз сөйлей алады. Көрсетілген тұлғалардың акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

## 11. Директорлар кеңесі

35. Заңмен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) қоғам қызметінің басым бағыттарын немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қоғамның зему жоспарын бекіту;

2) Қоғамның үйымдық құрылымы және штаттық кестесін бекіту;

3) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шекири турашы шешім қабылдау;

4) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) турашы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы турашы шешім қабылдау;

5) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы жағдайдарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы турашы шешім қабылдау;

- 6) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 8) атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін (Басқарма Төрағасынан басқа) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің лауазымдық әйлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
- 10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 11) ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту;
- 12) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- 13) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 14) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізуудің шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттар мен Қоғамның бағалы қағаздарын бекіту;
- 15) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 16) Қоғамның басқа занды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау;
- 17) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті қоғамға тиесілі занды тұлға акционерлерінің қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 18) Қоғамның өз капиталының он және одан да көп пайыз мөлшерін штейфтын шамаға Қоғамның міндеттерін ұлғайту;
- 19) Қоғамның немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және мәдени мұддесі бар мәмілелер жасасуы туралы шешімдер қабылдау;
- 20) Жарғыға және заңға сәйкес, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мөддесінен қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және мәдени мұддесі бар мәмілелер жасасуы туралы шешімдер қабылдау;
- 21) Занда және осы Жарғысында көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

36. Директорлар кеңесінің мүшелерін акционерлердің жалпы жиналышы сәйлайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Директорлар кеңесін өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50 және одан көп пайызын құрайды.

Дауыстардың саны тең болған кезде Директорлар кеңесі Төрағасының деуісі шешуші болып табылады.

37. Директорлар кеңесіне мүше бола алмайды:

- 1) жоғары не арнаулы орта білімі жоқ;
- 2) заңда белгіленген тәртіппен сотталғандығы өтелмеген немесе атынбаған;
- 3) бұрын банкрот деп танылған немесе консервациялауға, қайта құруға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған заңды тұлғаның банкроттық, консервация, жалпына келтіру, мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жыл ішінде осы тұлғаны басқару кезінде басшы қызметкері болған.

Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланада алмайды.

38. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру және өткізу тәртібі Заңмен және акционер бекіткен директорлар кеңесінің Ережесімен белгіленеді.

39. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесін шақыруға бастамашы болу мүккішінде болу тұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына (ол сырттай дауыс беруді өткізуден бас тартқан жағдайда – атқарушы органға) жазбаша нысанда беріледі және дауыс беруге қойылған, нақты және біржақты тұжырымдалған мәселе (мәселелер) болуы тиіс.

40. Сырттай дауыс беру кезінде дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетеньдер және дауыс беруге енгізілген мәселе (мәселелер) бойынша материалдар Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне дауыс беруді өткізу туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірілмей беріледі (таратылады).

Бюллетеньде:

- 1) Қоғамның толық атауы;
- 2) отырысты өткіздің бастамашы туралы мәліметтер;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні;
- 4) дауыс беруге қойылған, нақты және біржақты тұжырымдалған мәселе (мәселелер);
- 5) «иә», «жоқ», «қалыс қалдым» деген сөздермен білдірілген дауыс беру мүснапары;
- 6) бюллетенің толтыру тәртібі бойынша түсіндірме болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің сырттай өткізілген мәжілісінің шешімі Директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдерді қоса бере отырып, жазбаша түссе ресімделеді.

## **12. Қоғамның Басқармасы**

41. Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды атқаруши органдар – Басқарма жүзеге асырады.

42. Басқарма Қоғамның алқалы органы болып табылады және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналышының және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды және акционерлердің жалпы жиналышы мен Директорлар кеңесінің алдында оған жүктелген міндеттердің орындалуына көзап береді.

43. Басқарма Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерінен тұрады. Басқарма Төрағасы акционерлердің жалпы жиналышымен үш жыл мерзімге тәғайындалады және Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Басқарма мүшелері Директорлар кеңесімен үш жыл мерзімге тәғайындалады.

Басқарма Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Егер Қоғам мәміле жасасу кезінде тараптардың Қоғам белгілеген шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, Басқарманың осы шектеулердің бұза отырып жасаған мәмілесінің жарамды екеніне дауласуға құқылы.

44. Басқарма құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) акционерлердің жалпы жиналышы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру;

2) Қоғамның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шешімдерді өтбейлау;

3) акционерлердің жалпы жиналышы мен Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;

4) Қоғамның ұйымдастыру бірліктері (бөлімшелері) туралы ережелерді өзгертүү;

5) Қоғам қызметінің негізгі бағыттарын әзірлеу және Директорлар кеңесіне бекітуге енгізу;

6) Қоғамның жылдық есебін, сонымен қатар қаржылық есебін дайындау және оны Директорлар кеңесінің қарауына енгізу;

7) кіріс және шығыс сметаларын орындау;

8) Қоғамның Даму жоспарын әзірлеу және оның орындалуын бақылау;

9) статистикалық есепті қалыптастыру;

10) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

11) акционерлердің жалпы жиналышы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылғандарды қоспағанда, Қоғам кеңесінің барлық басқа мәселелерін шешу.

45. Басқарма Төрағасы:

1) акционерлердің жалпы жиналышы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның атынан сенімхатсыз шектетеді;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғамды білдіруге құқық беретін сенімхаттар береді;

4) Қоғам қызметкерлерін (ішкі аудит қызметінің қызметкерлері, Басқарма мүшелері мен корпоративтік хатшыны қоспағанда) жұмысқа қабылдауды, азыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелей шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, қоғамның штат кестесіне сәйкес Кеңес Директорларымен бекітілген Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен жалақыларына дербес үстеме ақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма мен ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлері сыйлықақыларының мөлшерін белгілейді;

5) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөледі;

7) Қоғам қызметкерлерінің барлығы орындауға міндетті нұсқаулықтар береді;

8) шарттар жасасады және мәмілелер жасайды, банктік шоттар ашады;

9) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрады және сыбайлас жемқолыққа қарсы күрес туралы заңнаманың нормаларын Қоғам қызметкерлерінің сактауына дербес жауапты болады.

46. Басқарма Төрағасы қызметі мен оның шешім қабылдау тәртібі осы Жарғымен және Директорлар кеңесімен бекітілетін Басқарма туралы ережемен және қолданыстағы заңнама нормаларымен айқындалады.

### 13. Ішкі аудит қызметі

47. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің шешімімен құрылады.

Ішкі аудит қызметі Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес оның қаржы-шаруашылық қызметіне, Қоғамның атқарушы органының және құрылымдық бөлімшелерінің операциялары мен іс-эрекеттеріне бақылауды жүзеге асыратын Қоғамның органды болып табылады. Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережені Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

48. Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді, басшылыққа және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына еркін және тәуелсіз түрде кірісе алады.

49. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қорыттындылар дайындайды.

Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін тағайындау тәртібін, еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

50. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Басқарманың құрамына сайланады.

## **14. Есепке алу, есептілік және аудит**

51. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған және Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

52. Жылдық қаржылық есептілік бухгалтерлік теңгерімді, кірістер мен шығыстар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

53. Қоғам жылдық қаржылық есептілікті (түсіндірме жазбаны қоспағанда) және аудиторлық есепті оны акционерлердің жалпы жиналысы бекіткеннен кейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей тиражы 30 (отыз) мың данадан асатын бұқаралық ақпарат құралдарына жариялады.

54. Жылдық қаржылық есептілікті Қоғамның Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысының қарауына енгізілетін күнге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді акционерлердің жалпы жиналысы жүргізеді.

55. Қоғам жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізуге міндетті. Қоғамға аудит Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша қоғам есебінен не ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі, бұл ретте ірі акционер аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы. Ирі акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Қоғамның Басқармасы Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

56. Қоғамның статистикалық есепке алуы мен есептілігі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

## **15. Қоғамның ақпаратты жария етуі**

57. Қоғам өзінің акционерлері мен инвесторларының назарына Занда көзделген қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

Акционерлік қоғам мен оның акционерлері өздерінің хабарларын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде жариялануы тиіс басқа да ақпаратты жариялау үшін пайдаланатын ақпарат құралдары – «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттері.

58. Акционердің талабы бойынша Қоғам акционерге Занда көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.

59. Акционер ақпарат алу мақсатында Қоғамның атқарушы органына жазбаша түрде өтініш жасайды. Акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алатын журналда тіркелуі тиіс. Қоғам акционерге талап

етіліп отырған ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) өтініш жасалған күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде беруге міндettі.

Құжаттардың көшірмелерін бергені үшін ақыны Қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындаға және құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты шығындарды төлеуге кеткен шығындардың құнынан аспау керек.

60. Қоғам аффилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе қоғамның тіркеушісі беретін мәліметтер негізінде жүргізуге міндettі.

61. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиирлену туындаған күннен бастап жеті күннің ішінде өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметті Қоғамға табыс етуге міндettі.

62. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға ол белгілеген тәртіппен табыс етуге міндettі.

## 16. Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату

63. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

64. Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату тәртібі Занмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

## 17. Қорытынды ережелер

65. Қоғам осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелерде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

66. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

«Манғыстау облысының  
қаржы басқармасы» ММ  
Басшысы

Ж.Ұ. Ұланова

